Ал, Шерхан Мұртаза болса, XX ғасырдың кесек тұлға, кенен дарыны. Ендеше екі ұлы тұлға шығармашылығында ой-таным үндестігінің болуы заңдылық. Тәуелсіз еліміздің руханиятының бәйтерегіне саналған Шерхан Мұртаза да әрбір ұлы тұлғалар секілді Абай мектебінен нәр алды, рухани қуаттанды. Өмір теперішін көп көрген бала Шерханның дана тұлғаға айналуында жастайынан құныға оқыған Абай жырлары, нақылдарының ерекше ықпалы болғандығы жазушының өмірбаяндық мақалаларында да көптеп айтылады. Дегенмен, әлі күнге дейін ғылыми зерделенбей келеді. Осыған байланысты мақалада Шерхан Мұртазаның тұлғалық жетілуіне, шығармашылық тұғырнамасын айқындауда ықпалы өте зор болған Абай дәстүрі ғылыми талданып, ақын мұрасының көрініс тапқан қырлары зерттеледі.

Абай мұрасы мен Ш. Мұртаза шығармашылығы арасында рухани сабақтастықтың арналары мол деуге болады. Мақалада екі сөз зергерінің әлеміндегі сабақтастық, ортақ гуманистік, қоғамдық дүниетанымдары мен ойшылдық, ұлтына деген ерекше сүйіспеншілік, қайраткерлік болмысының арасындағы үндестік сырларын зерттеу өзекті деп танылады.

Сонымен қатар, талдау, салыстыру, ғылыми пайымдау әдістері қолданылып, нәтижесінде Шерхан Мұртазаның өз шығармашылық мұрасы арқылы Абай даналығын, Абай дәстүрін жалғастырушы, ұлттық әдебиетіміздің тау тұлғасы Абай шығармашылығынан өз кезегінде Шерхан Мұртазаның да қажетінше сусындап, азаматтық, тұлғалық жетілу барысында үлгі-өнеге алғандығы дәйектеледі. Абай шығармалары, даналыққа толы ой-идеялары – тәуелсіз мемлекетіміздің қайсыбір өзекті мәселесінің де сәтті шешілуінің кепілі екендігі тұжырымдалады.

Кілт сөздер: дәстүр, ұстаным, сабақтастық, жаңашылдық, мектеп

Кіріспе. Кез-келген өнер иесінің сусындайтын, рухани қуаттанатын арнасы, бастауы болады. Табиғат ананың өзі де осындай жаратылысқа ие. Кішкентай бұлақтар өзен-теңіздерге, өзендер мен көлдер үлкен мұхиттарға құйып, арнасы кеңейеді, алыпқа айналады. Осындай заңдылықты Жаратушы ие сыйлаған ғұмырында тұлғалық биікке көтерілген әрбір адам басынан өткереді. Өйткені, әрбір суреткер, дарын иесі қалыптасуында бұған дейінгі ілім-білім көздерінен нәр, озық дәстүрлерден өнеге алады. Осылай өзінен кейінгілерге үлгі болатын дүниетанымы, көзқарасы мен ұстанымы қалыптасады. Бұл – өмірлік философия. Дәстүр жалғастығы жоқ жерде даму, тұлғалық өсу жүзеге аспайды деуге болады.

«Шын шығарма – перзент. Толғағы жеткенде туады. Публицистиканың жөні басқа. Көркем әдебиет – ауыр артиллерия болса, публицистика – кавалерия. Оның да еңбегі

елеулі» – деп санайтын Ш.Мұртаза шығармашылығы дәстүр жалғастығының көркем көрінісі болып табылады. Халқының кесек тұлғасына айналу жолында Ш. Мұртаза кенен дарынын алдыңғы толқын ұлылар ұлағатымен дамытуды шығармашылығының негізгі кредосына айналдыра білді.

Қазақ әдебиетінде бұтағын кеңге жайып, үлкен сала болып қалыптасқан Абай дәстүрі сияқты, орыс әдебиетінде Пушкин дәстүрі тамырын тереңге тартып, алып бәйтерекке айналған. Қазақ әдебиетінде «Абай және Шәкәрім», «Абай және Мұхтар», «Абай және Мағжан» дегендей «Абай мен Шерхан» тақырыбы да кеңінен зерделенуі қажет деп санаймын. «Ақындар мен әкімдер» атты зерттеу кітабына енген «Абай сәулесі» атты мақаласында «Кітап жиған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес, жалпы ондайды саналы адам деу қиын. Төрінде Абайдың кітабы тұрған үйдің сәулесі де молырақ. Абай кітабынан ерекше сәуле шашырап тұрады» - деп санайтын Ш.Мұртаза Абайдың әкесі қазақ, анасы – өзіміздің кең дала деп түсініп, «Абай – қазақтың бар жерінде туып, бар жерінің туын ұстап тұрған кеменгер. Абай бүгін бұрынғыдан да керегірек сияқты. Ол – қазағына ертең де, бүрсүгүні де керек. Ауадай, айдай, күндей, жұлдыздай, өзендей, көлдей керек Абай» (Мұртаза, 2005: 14), - деп түйеді. Бұдан жазушының ұлы ақынның толық адам ілімі мен шығармашылыққа қоятын талаптарын барынша ұғынғандығын байқаймыз.

Әрине, Абай мұрасы – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлемдік қымбат қазыналардың бірі. Бұл қазына күн өткен сайын маңызы тереңдеп, зерделеген сайын тылсым сырларға жетелей береді, нәтижесінде жаңа тұжырымдар мен жаңалықтар табылуда. Бұл өз кезегінде өткеннің өнегесі ғана емес, жаңа Қазақстанды әлемдік мәдениет көшінің алдыңғы қатарынан табылуында рухани бастаушы екені анық.

Олай болса, Ш. Мұртаза – өзі өнеге тұтып, қаламгерлік жолында үйрену мектебі деп санаған ұлы Абайдың рухани тәлімін дамытушы, бүгінгі ұрпаққа жеткізуші.

Материалдары мен әдістері. Бүгінгінің абыз жазушысы Шерхан Мұртазаның кесек тұлға, кенен дарын, айтулы есімге айналуында ұлы Абай дәстүрінің еткен зор ықпал-әсерін айқындауда жалпы ғылыми логикалық әдістер қолданылды. Ұлы Абай ХІХ ғасырдағы қазақ халқының ұлттық құндылықтарының жоқшысы болса, Шерхан Мұртаза өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап еліміз тәуелсіздік алған кезеңде де көрікті ой иесі ғана емес, батыл қадамдар жасап, шын жанашыр екендігін танытты.

Шерхан Мұртаза да ұлы Абай секілді жазушылығын қайраткерлікпен ұштастырған сөз зергері. Осы себепті де, Шерхан Мұртаза шығармашылығының толыққанды зерттелуі үшін Абай дәстүрінің ықпалын қарастырудың маңызы мақалада қолданылған талдау, жинақтау арқылы арта түседі, ғылыми дәйектеледі.

Нәтижелер мен талқылау. Ұлы Абай – поэзияның заңғары болса, Шерхан Мұртаза – көркем сөздің хас шебері, прозалық туындыларымен ұлттық әдебиетімізді байытқан қаламгер. Екі кесек тұлға да шығармашылықтың биік шыңын бағындырғаннан кейін өмір философиясы туралы сыр шертті. Абай мұрасы – философиялық мазмұнға толы. Ұлы Абайдың шығармашылығы күн өткен сайын түрленіп, жасампаздық пен мәңгілік рухани өрлеудің басты бағдарына айналуға. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деген ұлы хакім шығармашылығын насихаттаудың зор маңызына

тоқталды. Өз мақаласында ұлы Абайды «әлемдік мәдениеттің тұлғасы» деп бағалап, ұлттық болмыстың үлгісіне, мемлекетіміздің мүдделесіне, жаңа қоғамның жанашырына, теңейді. «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» (Тоқаев, 2020: 5), - дей келіп, интеллектуалды ұлт болып қалыптасуымыздың негізгі тетігіне балағаны да тегіннен-тегін емес.

Өркениетіміз бен мәдениетте өзіндік биігі бар тұлғалардың арасындағы дәстүр жалғастығын, ойшылдық ұлағаттарын зерделеу – ұлттық мәдени дамуымызға жаңа серпін берері анық. Оның ішінде жазба әдебиеттің негізін қалап, қазақ философиясының биік шыңына шыққан ғұлама Абайдың жарық сәуле шашпаған тұлғасы кемде-кем. Ұлы Абай өзінен кейінгі сөз зергерлерінің қайсысына болмасын алтын тұғыр бола білді. Абай әркімді де толғандыратын терең сырлы сұрақтарға жауап іздей отырып, қазақ даласына пәлсапалық мағынасы терең шығармаларды қалдырды. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) жалпы адамзат баласына ортақ асыл қазынаға айналды. Абайдың қара сөздерінен кейін мұндай философиялық мазмұндағы ұқсастығы бар, қазақ халқында кеңінен танылып, қазақтың сөзіне айналған Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүниесі». Қазақтың санасын, жанын оятуға бағытталған бұл шығарма араға ғасыр салып, қазақ философиясының жаңаша әдеби үлгісін жаңартты.

Абай да, Шерхан да өз ұлтының адал перзенттері. Тегі тұғырлы елдің азаматтары болды. Әділдік үшін, адамгершілік үшін ғұмыр кешті. Аумалы-төкпелі заманда ел тағдыры жайында қолына қалам ұстап, қанша бейнетті еңбек етсе де шаршамай, керісінше туған елі, қазақ ұлты алдындағы перзенттік парызы екі тұлғаның да бойын жігерлендіріп, күш берген. Соның мазмұндық үндестігі Абай мен Шерханның ой-толғамдық шығармаларынан көрініс тапты.

Екі тұлғаның да өмірлік ұстанымдары ұлтына деген қалтқысыз сүйіспеншіліктен басталып, адамгершілік, бірлік, адалдық, әділдік, имандылыққа ойысады. Ұлы Абайдың өмір турасындағы ой-толғаныстары Шерхан Мұртазаның ойшылдық қырын танытқан «Бір кем дүние» атты кітабының өн бойына желі болып тартылған.

Ұлы Абай:

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,

Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!

Ұятың мен арыңды малға сатып,

Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер (Абай, 2002: 78), - деп жырласа, Ш.Мұртаза «Адамға бала жастан ең керегі – Ұят деген қасиет. Ол туа бітеді. Бірақ, кейбіреуі өсе келе, үлкейе келе ұяттан жұрдай болады. Бір кем дүние» (Мұртаза: 2019: 13), - деп толғанады.

Ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы бар да, сондай-ақ әр халықтың әдебиет өкілдері арасындағы дәстүр сабақтастығы бар. Акын-жазушылар арасындағы дәстүр мен жаңашылдық, әдеби сабақтастық мәселесі барлық халықтың әдебиетінде кездеседі. «Дәстүр және оның жалғасу заңдылықтары бір әдебиет тарихы

көлемінде де, бір аймақ, тіпті әлемдік әдебиет аясында да көрініс таба алады», – деп профессор Ж.Дәдебаев айтқандай, дәстүрдің бір-біріне ұласуы әлем әдебиетіне тән құбылыс (Дәдебаев, 2003: 3).

Осыны шын ұғынған Ш.Мұртаза хакім Абай туралы «Егер әркім Абай арқылы ақылына ақыл қосса, көз нұрына нұр қосылса, сезімін байыта түссе, жан-дүниесін, рухани әлемін рахымдандыра берсе – шіркін, онда арамызда арамдық, арызқойлық, қызғаныш, тәкаппар-тақастық, өтірік-өсек, жалақорлық, тағы не бар – барлық жағымсыз қылық арамыздан әлдеқашан аласталар еді» (Мұртаза, 2002: 226), - деп аса жоғары бағалайды.

Әлем әдебиетінің алыптары арасындағы ұқсастықты бақылап тексеріп отырғанда байқағанымыз, әр суреткерге тән шығармашылық үрдіс мынадай болып келеді: әсер ету, үлгі алу, ұстаз тұту, дәстүрлер ұласу, көркемдік тәсілдер алмасу, әдеби жалғастық табу, жаңа сапаға көтеру, өзіндік қырынан жаңалық әкелу. Осындай ретпен Ш.Мұртаза да өз шығармашылық кемелденуінде Абайды рухани ұстаз санап, ілімінен нәр алып, дәстүрлерін жаңа мазмұнмен насихаттады.

Абай секілді Шерхан Мұртаза да әділдіктің жоқшысы, шындықтың шырақшысы болды. Екі кесек тұлға да өз заманының бейнесін, өмір толғамдарын философиялық негізбен сипаттап, түсіндіріп береді.

Шерхан Мұртаза өз шығармашылығының бір шоқтығы болып саналатын «Бір кем дүние» кітабында негізгі лейтмотив етіп адами құндылықтарды, соның төңірегінде болып жатқан түрлі әрекеттер, қарама-қайшылықтар күресін алып, осыған байланысты өзіндік көзқарасын білдіреді. Автор қайбір мәселеге байланысты үкім шығарушы емес. Ол көп жағдайда сырттан бақылаушы ретінде көрінеді. Оқырманды белгілі бір мәселе төңірегінде ойға қалдырып, оның шешімін өзі шешуге итермелейді. Бұл бір жағы өте сәтті қолданған тәсіл. Автор қоғамда орын алып отырған нақты фактіні жариялаушы ғана. Ал, «бір кем дүние» сол фактінің орын алу себінен көкірегіндегі өкініштің сыртқа шыққан түрі.

Ал, ұлы Абай өз қарасөздерінде өмір сүріп отырған замана жайлы толғанып, адам баласы басқалардан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен ғана озатынын айтты.

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,

Иілтіп екі басын ұстаған хақ.

Имек жолда тыянақ, тегістік жоқ,

Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ (Мұртаза, 2002: 96), – деген Абай ұлағаты Шерхан Мұртаза шығармашылығында былайша баяндалады: «Бұл дүниенің біз білмейтін жұмбағы көп. Дүние о басында түп-түзу, дұрыс жаратылса керек. Бірақ кейін-кейін күштілер шыққан, әлсіздер шыққан. Әділетсіздік содан туған. Шын әділет – тепе-теңдік. Адамдардың бәрі тең болуы керек. Ал адамдарда ондай теңдік бар ма? Біреу бай, біреу кедей. Біреу мықты, біреу жәудеу. Біреу семіз, біреу арық. Әлемнің терезесі тең емес. Біреудікі биік, біреудікі аласа, ал біреудің терезесі шынысыз, қозы қарын ғана қампияды. Ендеше, шын әділет еш уақытта, еш заманда да болмақ емес. Қазіргі әділет, әділет деп жүргеніміз – соның жұрнағы ғана. Сол жұқаның да жұлыны жұлынған» (Мұртаза, 2002: 230).

Шындығында, әділеттілікті, сондай-ақ, исламның басты әлеуметтік қағидаты деп атауға да болады. «Әділетті болу» – Аллаһтың ізгі қасиеттерінің бірі. «Әділеттілік» қоғамның барлық мүшелеріне бірдей ортақ «Аллаһтың әділдігі» ретінде ұғынылады. Ал «Аллаһтың әділдігіне» сену исламның басты талаптарының бірі болып табылады. Қасиетті Құран кітабында да әділеттілік тақырыбына көп назар аударылады. Әділеттілік туралы Құранда көптеген аяттар берілген: «Әділетті болындар» (Өсерұлы: 1994, 91б.), «Әділдікте нық тұрындар...», «Аллаһ сендерге әділетті өкіметуді бұйырады... (Крачковский, 1963: 91).

Ал Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде әділеттілік қағидаттары адамдар мен қоғамның өміріне қатысты нақтылық сипатқа ие болған. Әділеттілік туралы мынадай хадистер бар: «дінде әділ болындар, адамдармен қарым-қатынаста өнегелі болындар» (Прозорова: 1991, 16). Бұл хадисте Мұхаммед пайғамбар әділеттілік туралы адамгершілік тұрғысынан насихаттайды, өйткені істер мен әрекеттердегі әділдіктің адамдардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда зор тәрбиелік мәні бар, адамдардың әділдікке сенімін күшейтіп, қоғамдағы әділеттіліктің үстемдігін нығайтады.

Әділеттілікті ту еткен екі дана өз шығармашылықтарында өмірдің жұмбақ сырларына терең бойлап, «Қалың елім, қазағым» деп мұңға батса, Шерхан Мұртаза «Бір кем дүние» деп күрсінеді. Ия, екі ғасырда өмір сүрсе де, ой-танымы мен азаматтық ұстанымы үндескен қос тұлға Адам атты күдіретті жаратылыстың сырын ұқтырып, бір Жаратушыны мадақтап, күдіретіне бастарын иеді.

Абай мен Шерхан көзқарастарының ортақ үйлесімділігін талдағанда, ең алдымен екі сөз зергерінің имандылық турасындағы ойларының үндесіп жатқандығына тоқталмай өте алмаймыз. Отыз сегізінші қара сөзінде Абай Құдай – жаратушы болмысын мойындайды, ал Құдай мәнін жарату актісінде емес, адам өміріндегі махаббат, қайырымдылық, әділдікті орнатуында көрді. Құдайда адам өміріндегі руханилықты, ал адамдар арасындағы қатынаста қайырымдылық, адамгершілік және әділдікті нығайтатын көрсетулері Абай үшін маңызды болып табылады.

Адам өмірінің өнегелі ұстауын анықтайтын діни сенімділік шынайы иман болып табылады. Оны Абай үш аспектіде қарайды: біріншіден, иман адамның Құдай және әлемге, соңғының шексіздікке, өткіншінің мәңгілікке деген қатынасын анықтайды; екіншіден, иман адам өмірінің мәнін орнатады, үшіншіден иман адамның әлемдегі тағдырын орнатады. Иман – бұл әлемнің ар жағында тұрған адамның бір нәрсеге шектен тыс қасіреті емес, бұл әлемдегі өз тағдырын түсіну, өз өмірінің мәнін көрудегі адамның жан қабілеті. Иман өмірмен келісімде болу керек, оның талаптарына сәйкес болу керек.

Абай осылай деп толғанса, Шерхан Мұртаза «Біреулерге Құдай бәрін береді. Байлық та бар, алтын, гауһар, інжу-маржан – бәрі бар. Төрт құбыласы сай. Бірақ Иман жоқ. Ең сорлы адам сол. Бір кем дүние» (Мұртаза, 2019: 13), - деп жалпақ тілмен күрсінеді.

Исламтанушы Нұралы Өсерұлы өзінің кітабында: «ислам деген сөздің мағынасы не десек, Аллаға тағаланың өміріне мойын ұсынып, рұқсат еткен іс-әрекеттерін істеу, тыйым салғандарынан аулақ болу, иман келтіру болып табылады. Ал иман дегеніміз

не десек, онда өз ықтиярымен Алланың бірлігіне, періштелеріне, пайғамбарларына, кітаптарына, жәннат пен тозағына, сирату көпіріне, істеген іс-әрекет жайлы есеп-қисап алатын таразыға, қабір азабына, қиямет күніне, өліп-тірілуге, жақсылық пен жамандық және тағдыр бір Алладан екеніне сену деп жауап береміз» (Өсерұлы, 1994: 45) - дейді.

Абай мен Шерхан шығармашылығындағы ортақ көзқарастардың тоғысатыны – адамның Құдайдың алдында бәрібір дәрменсіздігі. Екі сөз зергерінің ойынша – бәрі де Алланың қолында. Ол – өте кешірімді. Егер шын тәубеге келіп, бар ниетіңмен жалбарынсаң, кешіреді, ал, оның қаһарына ұшырасаң, өмірің азапқа толы болатынын ескертіп, кез-келген адам жаман пиғылдан бойын аулақ ұстау керектігін ескертеді.

Иә, өмір болған соң оның адамзат атаулыға белгісіз қырлары көп болатындығы белгілі. Арман мен аңсаудан, тартыс пен таластан тұратын өмірдің түрлі белестерінде бірде жеңіске жетсек, бірде жеңілеміз. Жылыстап өтіп жатқан өмірдің түрлі өткелдерінде қуаныштан гөрі қайғының, шаттықтан гөрі шарасыздықтың молдау болатыны белгісіз. ХХІ ғасырдағы әлемдік жаһандану қозғалысының күшейіп тұрған тұсында етек-жеңімізді қымтап, ұлттық болмысымызды сақтап қалудың барлық шараларын қолға алу қажеттігі бірінші орынға қойылып отыр. Ш. Мұртаза басымызға төніп тұрған қауіпті аса сезімталдықпен тап басып, халқын сақтандыруды өзінің азаматтық борышы санайды. Демек, жазушы өз көзқарастарында ұлтымыздың өзегіне түскен дерттің табиғатын таныта отырып, оның аса қауіпті тұстарына көпшілік назарын аударуды басты мақсаты санағаны аңғарылады.

Адамзаттың бірінші жауы да, өмірдің қозғаушы күші де – нәпсі. Жақсылық та, жамандық та нәпсінің арқасында өмірде болып жатады. Ш. Мұртаза «Итаяқтың кесірі» атты шағын тәмсілінде осы мәселеге кеңірек тоқталып, қанағатсыздықтың еш опа бермейтінін, нәпсіқұмарлардың қандай жарға барып жығарын ескертіп өтеді. Бұл – нағыз ұлттық трагедия. Әкесі сыйлаған дүние-байлықты көзге ілмей, итаяқтың алтыннан болмағанына өкінген қыздың бейнесі қай замандағы ашкөз, дүниеқоңыз пенделердің мәңгілік бейнесі сияқты көрінеді. Нәпсіні тыя алмаудың классикалық үлгісі осында жатқан жоқ па?

Бұдан басқа, қаршадайынан тағдыр тауқыметі мен қысастығын көрген Шерхан Мұртазаның өз өмірлік жолында қорытылған «Небір дерттің бәрін жазатын ұлы уақыт екен», «Кедей – бай, бай Құдай болсам дейді. Нысапсыздық жаман», «Толдым деген төгіледі, Жеттім деген жығылады», «Алтын өзі тотықпайды, Адамдардың жанын тотықтырады», «Тат темірдің өзінен шығады», т.б. толғамдарының ұлы Абай көзқарастарымен үндесіп қана қоймай, жаңаша мазмұндалғаны деп қорытуға болады. Ал, жалпы адамгершілік турасындағы Шерхан Мұртаза ой-пікірлері Абайдың толық адам ілімінен келіп шығады. Шерхан Мұртаза да Абайдың «Енді біліңіздер, ей перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз (шексіз, өлшеусіз) болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді». Осылай Абай толық адамның негізгі шартын береді. Ол шарт – Құдай тағаланың шексіз жолында жүруді өзіне шарт қылып қадам басу» деген ілімін бойына сіңіре келіп, «Бәрі Құдіреттің күші ғой деп ойлаймын. Қарап тұрсаң бұл тіршілік қарама-қарсы қайшылыққа тұнып қалған сияқты. Жарық дүние кілең жақсылықтан жасалған деп

айта алмайсың» (Мырзахметұлы: 2008, 4) - деп тұжырады. Толық адам іліміне жетелейтін ақыл, қайрат, жүрек туралы он жетінші қарасөзіндегі тұжырымын Абай «Әуелді бір суық мұз – ақыл-зерек» атты өлеңінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден ерек (Абай, 2002: 128), - деп қорытады.

«Ақын танымында сәулеленген заман болмысы мен адам келбеті, ақынның адам мен заман хақында түйген ойлары, ұсынған қағидалары белгілі бір дәуір сипатын, сол дәуірдің адамдарының құлқын танып, бағалау негізінде туған. Дәуір сипатының, адам құлқының мезгілдік және мекендік шегі мен шеті нақты, өлшемді, мөлшерлі. Ал ақынның осы нақты, өлшемді, мөлшерлі болмыс шегінде айтып отырған ойы, насихаттары, қағидалары мен тұжырымдары нақты бір заман үшін, сол заманның нақты адамы үшін ғана емес, барша заман, барша адам үшін маңызды, ғибратты жалпы адамзаттық рухани құндылықтар қатарына жатады. Ақын шығармаларында негізделген қағидалардың, құндылықтардың әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық мәні адамзаттың бәріне бірдей маңызды» (Дәдебаев, 2016: 11), деп ұлы Абай мұрасын терең зерделеген филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев Ш. Мұртаза туралы «Жасаған иеміздің жаратқандарының ішіндегі ең қасиеттісі, ең ардақтысы һәм аяулысы ақыл-ой болғанға ұқсайды. Білемін деушілер мұны Алла тағаланың өзі айтқан деседі. Алайда адам баласының ат жалын тартып мінуге жарағаннан бастап іздейтіні ақыл-ой байлығы емес, дүние байлығы болады екен, дүние байлығына қолы бір жетсе, қасиетті, ардақты, аяулы деген ақылдың өзін де керек қылмайды екен. Шерағаң дүние байлығын тәрк етпесе де, ғұмыр бойы ой қуды, ақыл кемелдігіне ұмтылды, қоғамның, елдің ақыл-ой байлығын сақтау, байыту жолында еңбек етті, бейнет кешті, Жасағанның жолымен, дүниедегі ең қасиетті, ең ардақты һәм ең аяулы нәрсе қоғамның, елдің ақыл-ой байлығы деп білді. Бұл жай білім, жай таным емес, шын білім, шын таным еді. Адамның, қоғамның, елдің ақыл-ой байлығы туралы мұндай білім, мұндай таным бүгін ғана емес, ертең де керек, бүгін ғана емес, ертең де игілікті, сондықтан оның қадірі еш уақытта кетпейді, қасиеті ешуақытта көшпейді. Шерағаңның тозбайтын, өзгелер озбайтын және бір дара қасиеті осында» (Дәдебаев, 2012: 5), – деп бағалайды. Қазақ әдебиетінің белгілі зерттеушісі, әдебиеттанушы ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Абайдың қарасөздері мен нақылдары – ақын шығармашылығының елеулі саласы, өлеңдерімен мазмұндас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалар» (Сүйіншәлиев, 2015: 21), – деп ойшылдық қабылетін жан-жақты зерделеудің маңыздылығына тоқталады.

XX ғасырда осындай ұлы Абай дәстүрінен үлгі алып, қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген біртуар ақын-жазушылар дүниеге келіп, олардың әрқайсысы соны үнімен, тың тынысымен қазақ әдебиетінің айдынында емін-еркін жүзді. Солардың қатарында Шерхан Мұртазаның да аты аталуы заңдылық. Және, Шерхан Мұртаза өз шығармашылығы арқылы Абай талантын шын таныған тұлға екендігін көрсетіп қана қоймай, кейінгілерге аманат етіп, тәрбие мектебі ретінде өте жоғары бағалады. Өзі де ұлы Абай секілді ойшылдық тұғырына көтеріле алды.

Қорытынды. Шындығында, Абайды дәріптемеген адам жоқ. Сөз киесін ұғынатын әрбір азамат Абайдың ұлағатынан сусындауы қажет. Әлемдік зерттеушілер

де өз кезегінде Абайдың философиялық көзқарастарының тереңдігін атап көрсетеді. Мәселен, түрік ғалымы М. Накім «Түрік әлемінің данасына» теңесе (Накім, 2020: 271), шетел ғалымы П. Шон өз зерттеулерінде Абайдың көтерген мәселелері мен философиялық толғамдарын батыстың белгілі философтарымен салыстыра зерделеп, озық мазмұнда екендігін атап айтады (Shon, 2017: 38)

Қазақ әдебиетіндегі ұлы дәстүр – Абай дәстүрі. Абай дәстүрі деген ұғымның қалыптасып, кең қанат жайғаны бүгінгі әдеби үрдістің даму барысында зор маңызын көрсетіп отыр. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ ақын-жазушыларының бүкіл шығармашылығы Абай атты ұлы арнадан бастау алады. Қазақ зиялылары секілді Шерхан Мұртаза да халықтың болашағы Абай нұсқаған сара жолда деп білді, соның ізімен жүруді мұрат етті.

Қорыта айтқанда, Абай мен Шерхан шығармашылығындағы рухани ұқсастығы олардың эстетикалық танымдарының жалғастығында. Абайдың поэзиясы мен қара сөздеріндегі ой жалғастығы Ш.Мұртаза шығармаларында проза тілімен көркемделіп жарқырай түсті. Ш.Мұртаза «Абай сияқты арысы бар елдің – ырысы бар. Абай барда әлем алдында қазақтың жүзі төмен болмайды. Абайды мансұқтаушы – ұлттың шіріген жұмыртқасы. Абайды таныған талант – ұлттың үміті», – деп өз ой-толғаныстарында Абайдың ақындық, өнерпаздық туралы айтқан пікірлері мен сөз өнері жайындағы эстетикалық танымына аса айрықша мән береді. Шындығында, Шерхан Мұртаза – Абайдың өмірлік ой-толғаныстарын, дәстүрін жалғастырушы.

¹Саурыков Е.Б., ²Тамбаева К.У., ³Елубаева Р.С., ⁴Беркенова Р.А.

^{1,2,3,4}Международный Таразский инновационный институт, Тараз, Казахстан

E-mail: ¹e_sauykov@mail.ru, ²karakoz14@mail.ru, ³ERS40@mail.ru, ⁴agabekkyzy_rabiga@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5763-0703, ²0000-0001-6734-9635, ³0000-0001-7544-6523

⁴0000-0002-3830-1648

Традиция Абая и творчества Шерхана Муртазы

Аннотация. Наследие Абая – уникальная сокровищница не только казахского народа, но и всего мира. Эта сокровищница с каждым днем становится значимей, с каждым новым исследованием открываются новые тайны, в результате чего появляются новые выкладки и изыскания. Это не только достойный образец прошлого, на сегодня это наследие способствует тому, что новый Казахстан как зачинатель духовности находится в авангарде всемирной культурной миграции.

Шерхан Муртаза – это выдающаяся личность ХХ века, масштабный талант. В связи с этим, в творчестве двух великих личностей гармония мысли является закономерностью.

Ш. Муртаза являющийся образцом духовности независимого государства, как и каждого из великих личностей, впитал духовные дары школы Абая. Видевшему жизненные пережитки мальчику Шерхану в его становление как уникальной личности действенную роль сыграло чтение с пристрастием произведений Абая, его назиданий, об этом часто упоминается в его автобиографических очерках.

Однако на сегодняшний день неисследованного с научной точки зрения предостаточно. В связи с этим в данной статье внимание акцентируется на совершенствовании Шерхана как личности, дан научный анализ в определении творческой платформы, большое влияние на которую оказали традиции Абая, исследованы художественные грани наследия акына.

Констатируется то, что между наследием Абая и творчеством Ш.Муртазы есть каналы духовной преемственности.

Актуальность статьи составляет исследование преемственности в творчестве двух мастеров художественного слова, их общие гуманистические, общественные мировоззрения и мысли, особая приверженность своей нации и мощь этих двух натур.

Наряду с этим сделан анализ, сопоставление, новых научных выкладок, в результате чего научно обосновываются значимость творческого наследия Ш.Муртазы, глыбы национальной литературы, ко-

торый тоже в процессе гражданского, личностного становления рос на примере и морали произведений Абая, личности Абая и является продолжателем традиций Абая.

Таким образом, уникальность мыслей и идей произведений Абая – решение актуальных вопросов нашего государства.

Ключевые слова: традиция, позиция, преемственность, инновация, школа

¹Saurykov E.B., ²Tamabaeva K.U. *, ³Yelubaeva R.S., ⁴Berkenova R.A.

^{1,2,3,4}International Taras Innovative Institute, Taraz, Kazakhstan

E-mail: ¹e_saurykov@mail.ru, ²karakoz14@mail.ru, ³ERS40@mail.ru, ⁴agabekkyzy_rabiga@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5763-0703, ²0000-0001-6734-9635, ³0000-0001-7544-6523

⁴0000-0002-3830-1648

The tradition of Abai and creativity of Sherkhan Murtaza

Annotation. Abai's heritage is a unique treasury not only of the Kazakh people, but of the whole world. This treasury becomes more significant every day, with each new study, new mysteries are opened, as a result of which new calculations and research appear. This is not only a worthy example of the past, today this heritage contributes to the fact that the new Kazakhstan, as the initiator of spirituality, is at the forefront of global cultural migration.

And Sherkhan Murtaza is an outstanding personality of the 20th century, a great talent. In this regard, in the work of two great personalities, the harmony of thought is a regularity.

Sh.Murtaza, who is an example of the spirituality of an independent state, as well as each of the great personalities, absorbed the spiritual gifts of the Abai school. The boy Sherkhan, who saw life experiences in his formation as a unique personality, played an effective role in reading with passion the works of Abai, his edifications, this is often mentioned in his autobiographical essays.

However, to date, scientifically unexplored abound. In this regard, in this article, attention is focused on the improvement of Sherkhan as a person, a scientific analysis is given in determining the creative platform, which was greatly influenced by the traditions of Abai, and the artistic facets of the akyn's heritage are explored.

It is stated that there are channels of spiritual continuity between the heritage of Abai and the work of Sh. Murtaza.

The relevance of the article is the study of continuity in the work of two masters of the artistic word, their common humanistic, social worldviews and thoughts, a special commitment to their nation and the power of these two natures.

Along with this, an analysis, comparison, of new scientific calculations was made, as a result of which the significance of the creative heritage of Sh. Murtaza, a block of national literature, which also in the process of civil, personal formation grew on the example and morality of Abai's works, Abai's personality and is the successor of traditions is scientifically substantiated Abai.

Thus the uniqueness of the thoughts and ideas of Abay's works is the solution of topical issues of our state.

Key words: tradition, position, continuity, innovation, school

Информация об авторах:

Саурыков Ерболат Байузакович, ректор Международного Таразского инновационного института, доктор филологических наук. Тараз, Казахстан. E-mail: e_saurykov@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5763-0703

Тамбаева Каракоз Умирзаковна, директор научно-исследовательского центра «Шерхановедение» Международного Таразского инновационного института, кандидат филологических наук, доцент. Тараз, Казахстан. E-mail: karakoz14@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6734-9635

Елубаева Рахат Сайлаубековна, заведующий кафедры «Общая педагогика» Международного Таразского инновационного института, кандидат филологических наук, доцент. Тараз, Казахстан. E-mail: ERS40@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7544-6523

Беркенова Рабига Агабековна, заведующий кафедры «Казахский язык и литература» Международного Таразского инновационного института, кандидат филологических наук, доцент. Тараз, Казахстан. E-mail: agabekkyzy_rabiga@mail.ru, ORCID: 0000-0002-3830-1648

Әдебиеттер

- Абайтану. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. Жау. Ред. З.Сейтжанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – Т.10. – 269 б. (қаз).
- Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 284 б. (қаз).
- Ислам: Энциклопедиялық сөздік. Жалпы редк. Прозорова С.М. – М.: Наука, 1991. – 315 б. (орыс).
- Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 223 б. (қаз).
- Құран араб тілінен аударған академик И.Ю. Крачковского. Алғысөз ред. 1963. (орыс.).
- Мәмесейт Т. Шерхан Мұртаза. – Астана: Елорда, 2002. – 280 б. (қаз).
- Мұртаза Ш. Бір кем дүние. – Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2019. – 288 б. (қаз).
- Мұртаза Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – Т.6. – 432 б. (қаз).
- Мырзахметұлы М. Абай, Шәкәрім мұрасындағы рухани тұтастық немесе жантану ілімі жайында // Үш Қиян, 2008. – 10 шілде. – №28 (388). (қаз).
- Өсерұлы Н. Мұсылмандық қағидалары. – Алматы: Өнер, 1994. – 125 б. (қаз).
- Пайгамбардың хадистері / Транс. және түсініктеме. Иман Валерий Пороховой. - 3-басылым., қайта өңдеу және қосымша. - М.: Риполь Классикасы, 2003. - Б. 312 (орысш).
- Сүйіншіалиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л.Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ө.Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. Б. 19-33. (қаз).
- Хакім М. А. Құнанбайұлы түркі әлемінің дана қазағы. // Білік. 2020. – №9. – 271-2 б. (түрік).
- Ш.Мұртаза және тәуелсіз ел руханияты. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Тараз, 28-қыркүйек. – Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2012. (қаз).
- Шон П. Абайдың білім философиясына мұрасы. // Білім саласындағы жаңа зерттеулер. 2017. – № 2(1). – 36 б. (ағылш.).

Литература

- Абаевведение. Дәдебаев Ж. Антропологиясы Абая. гл.ред. З.Сейтжанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – Т.10. – 269 с. (қаз).
- Дәдебаев Ж. Современная казахская литература. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 284 с. (қаз).
- Ислам: Энциклопедический словарь. Под ред. Прозорова С.М. – М.: Наука, 1991. – 315 с. (русс).
- Коран пер. с арабского акад. И.Ю. Крачковского. Предисл. к изд. 1963. (русс).
- Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. Стихи. – Алматы: Атамұра, 2002. – 223 с. (қаз).
- Мәмесейт Т. Шерхан Мұртаза. – Астана: Елорда, 2002. – 280 с. (қаз).
- Мұртаза Ш. Один день изыятия. – Тараз: «Типография ТИГУ», 2019. – 288 с. (қаз).
- Мұртаза Ш. Сборник сочинений в 7 томах. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – Т6. - 432 с. (қаз).
- Мырзахметұлы М. Об учении о духовной целостности или духовности в наследии Абая и Шакарима // Үш қиян, 2008. – 10 июля. – №28 (388). (қаз).
- Сүйіншіалиев Х. Назидания и пословицы Абая. Абаевведение. Т3. Мысли и заботы / Составители: П. Бисенбаев, Е. Карбозов, Л.Мұсалы, Н. Нұрадыл; жауапты ред. А.Тарак; Общ. ред. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – С.19-33. (қаз).
- Творчества Шерхана Мұртазы и духовного богатства независимого народа. Материалы республиканской научно-практической конференции. – Тараз, 28-сентябрь. – Тараз: Типография ТИГУ, 2012. (қаз).
- Усерұлы Н. Мусульманские принципы. - Алматы: Өнер, 1994. - 125 с. (қаз).
- Хадисы Пророка / Пер. и коммент. Иман Валерий Пороховой. – 3- изд., перераб. и доп. – М.: Рипол Классик, 2003. – 312 с. (русс).
- Хаким М. Абай Құнанбайұлы Мудрый казак тюркского мира. // Билик. 2020. – №9. – С.271-2. (турк).
- Шон П. Наследие Абая в философии образования. // Новые исследования в области образования. 2017. – 2(1). – С. 36. (анг).

References

- Abay studies. Dadebaev Zh. (2016). Anthropology of Abai. Ch. ed. Z. Seitghanov. – Almaty: Kazakh University, T.10. - 269 p. (In Kaz).
- Creativity of Sherkhan Murtaza and the spiritual wealth of an independent people. Materials of the republican scientific-practical conference. – Taraz, 2012. September 28. - Taraz: TIGU Printing House. (In Kaz).

- Dadebaev Zh. (2003). Modern Kazakh literature. – Almaty: Kazakh University, 284 p. (In Kaz).
- Hadiths of Ppopok / Per. and comment. Iman Valeria Popoxova. - 3rd ed., revised. and add. – M.: Ripol Classic, 2003. – P. 312. (In Russ).
- Hakim M. (2020). Kunanbayoğlu the Wise Kazak of the Turkic World. // Vilig. – No9. – P.271-2. (In Turk).
- Islam: Encyclopedic Dictionary. Ed. Prozorova S.M. (1991). - M.: Nayka, P.315 (In Russ).
- Kunanbaev A. (2002). Kalyn elim kazagym. Poetry. - Almaty: Atamura, 223 p. (In Kaz).
- Mameseit T. (2002). Sherkhan Murtaza. - Astana: Elorda, - 280 p. (In Kaz).
- Murtaza Sh. (2005). Sat. Works in 7 volumes. - Almaty: Kazygurt, T6. - 432 p. (In Kaz).
- Murtaza Sh. (2019). One day of withdrawal. - Taraz: «TIGU Printing House, - 288 p. (In Kaz).
- Myrzakhmetuly M. About the doctrine of spiritual integrity or spirituality in the heritage of Abai and Shakarim // Ush khyan, 2008. – 10 July's. – №28 (388). (In Kaz).
- Quran trans. from the Arabic academic I.Yu. Krachkovsky. Foreword to ed. 1963. (In Russ).
- Shon P. (2017). Abay's legacy to the philosophy of education. // NUGSE Research in Education, 2(1), – 36. (In Eng).
- Suinshaliev Kh. (2015). Edifications and proverbs of Abay // Abay studies. T3. Thoughts and concerns / Compiled by: P. Bisenbaev, E. Karbozov, L. Musaly, N. Nuradyl; zhauapty ed. A. Tarak; Tot. ed. J. Dadebaev. - Almaty: Kazakh University, - P.19-33. (In Kaz).
- Useruly N. (1994) . Muslim principles. - Almaty: Oner, - 125 p. (In Kaz).